

Халықаралық және республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2025 жылғы 16 қыркүйектегі № 297 бұйрығы

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 508-64) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған халықаралық және республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың электрондық көшірмесінің Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің

міндетін атқарушы

А. Бердалин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Су ресурстары және

ирригация министрлігі

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрінің

міндетін атқарушының

2025 жылғы 16 қыркүйектегі

№ 297 бұйрығымен бекітілген

Халықаралық және республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізбесі

1. Арал теңізі (үлкен, кіші) (халықаралық маңызы бар)
2. Каспий теңізі (халықаралық маңызы бар)
3. Жайық өзені (халықаралық маңызы бар)
4. Қиғаш өзені (халықаралық маңызы бар)
5. Ертіс өзені (халықаралық маңызы бар)
6. Жайсан көлі (республикалық маңызы бар)
7. Ертіс езеніндегі Бұқтырма су қоймасы (республикалық маңызы бар)
8. Ертіс өзеніндегі Өскемен су қоймасы (республикалық маңызы бар)
9. Ертіс өзеніндегі Шульба су қоймасы (республикалық маңызы бар)
10. Есіл өзені (халықаралық маңызы бар)
11. Тобыл өзені (халықаралық маңызы бар)
12. Сырдария өзені (халықаралық маңызы бар)
13. Сырдария өзеніндегі Шардара су қоймасы (республикалық маңызы бар)
14. Іле өзені (халықаралық маңызы бар)
15. Іле өзеніндегі Қапшағай су қоймасы (республикалық маңызы бар)
16. Нұра өзені (республикалық маңызы бар)
17. Сілеті өзені (республикалық маңызы бар)
18. Алакөл көлдер жүйесі (республикалық маңызы бар)
19. Балқаш көлі (республикалық маңызы бар)
20. Қаныш Сәтпаев атындағы канал (республикалық маңызы бар)